

Мақтаулы маман



Баян Смағұлова 1959 жылы Баянауыл ауданы Шөптікөл кентінде туған. 1974 жылы Шөптікөлдегі сегізжылдық мектепті аяқтап, №158 ҚКТУ-ға оқуға түсті. 1980 жылы Шөптікөл кенішіне таразышы болып орналасады. Әйтсе де осы межеде қалғысы келмей, 1984 жылы Павлодардағы есептік-экономикалық техникумды тәмамдады.

1987 жылдың 1 сәуірінде Шөптікөлден автокөлік қызметінің диспетчері ретінде жаңадан ашылған Майкөбе кенішіне ауысады. Ол кезде ең далада бірнеше вагон ғана тұратын, ал маркшейдерлер экскаваторлардың тау-кен жұмыстарын жүргізуге лайықталған болашақ трассаның бойын қадалармен белгілеуді енді бастағанды. Бастапқы жылдары әрине ауыр болды, қыстың үскірік аязы мен желінен, жаздың миқайнатар ыстығынан әбден қалжырайтын. Алайда біраз уақыт өткесін барлық инфроқұрылымы тартылған жұмысшылар кенті салынды. Баян Хамитқызының кәсіпорындағы көп жылғы еңбегі зая кетпей, «Еңбек даңқы» белгісінің толық иегері атаңды. Биыл кеніште еңбек еткеніне 30 жыл толуына байланысты «Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері» атағын алды.